

БАТЫС ӨңІРДЕГІ ҚОНЫС АУДАРУ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ (XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)

АМАН Ә.Б.¹ , НУРЛАНОВ Е.Н.^{2*} 

Аман Әлібек Бақытжанұлы¹ - Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан.

E-mail: E_alibek@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2725-6141>

*Нурланов Еламан Нуржанович² - Тарих магистрі, М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты, Ақтөбе қ., Қазақстан.

E-mail: nurlanov_elaman@inbox.ru, <https://orcid.org/0009-0000-6121-4051>

Андатпа. Мақалада XIX ғасырдың аяғы-XX ғасырдың басындағы патшалықтың Қазақстанның батыс өңіріндегі қоныс аудару саясаты және оның демографиялық үдерістерге ықпалы баяндалады. Патша өкіметі қазақ жеріне орыс шаруаларын қоныстандыру мақсатында алдымен «артық» жерлерді белгілеп, сол жерлерге қоныс аудару учаскелерін құрады. Нәтижесінде XX ғасыр басында қазақ жеріне қоныс аударушылар легі күшейеді. Жаңадан қоныс аудару поселкелері пайда болады. Қоныстандыру учаскелері негізінен Орал-Торғай қоныс аудару ауданында құрылады. Қоныс аудару учаскелерін құру негізінен егіншілікке қолайлы Ақтөбе, Темір, Орал уездерінде қарқынмен жүргізілді. Аталған қоныс аудару ауданынан 1893-1905 жылдары 131 учаскеге, 1 024 412 десятина жер алынса, 1906-1910 жылдары 649 учаскеге 2 477 019 десятина жер алынады.

Аталған кезеңдегі қоныс аудару қозғалысының басты нәтижелерінің бірі өзге ұлт өкілдері саны мен үлес салмағының ұлғаюы және жергілікті халықтың үлес салмағының азаюы болатын. Қоныс аудару қозғалысы Орал-Торғай ауданында күшті жүріп, аталған өңірдегі өзге ұлт өкілдері санының ұлғаюына әкелді. Тіпті кейбір уездерде өзге ұлт өкілдері халықтың негізгі бөлігін құрады. Маңғыстау уезі мен Бөкей Ордасына жоспарлы қоныс аудару жүргізілмегенімен, отырықшы елді-мекендерде өзге ұлт өкілдерінің саны жылма-жыл ұлғайып отырды.

Түйін сөздер: қоныстандыру, қоныс аудару басқармасы, қоныстандыру аудандары, кіші аудандар, көші-қон.

Кіріспе

XIX ғасырдың екінші жартысында басталған қоныс аудару қозғалысы уақыт өте келе империя үшін үлкен мәнге ие болып, қарқын ала түскен болатын. Қоныстандыру жұмысын ретке келтіру, оны ұйымдасқан түрде жүзеге асыру мақсатында XIX ғасырдың аяғында пайда болған Қоныстандыру басқармасы қазақ жерін бес үлкен ауданға бөліп, оның ішінде Қазақстанның батыс өңірі Торғай-Орал қоныстандыру ауданы деп аталып, ол өз кезегінде кіші аудандарға бөлінген болатын. Қоныстандыру басқармасы XIX ғасырдың аяғында қоныс аудару қажеттілігіне орай қоныстанушы шаруалардың орналауы үшін жер учаскелерін дайындауға кірісті. Ол үшін алдымен қазақтардың жер нормасы анықтап, соның негізінде «артық» жерлерді есептеп шығарды. Ал осы патшалықтың қоныс аудару саясаты Қазақстанның батыс өңіріндегі демографиялық үдерістерге үлкен ықпал етті. Оның ең басты нәтижелерінің бірі халықтың ұлттық құрамының өзгерісі, өзге ұлт өкілдері санының ұлғаюы мен жергілікті халықтың үлес салмағының төмендеуі болды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы қоныс аудару қозғалысы және оның батыс өңіріндегі демографиялық үдерістерге, оның ішінде халық санының өсімі мен оның ұлттық құрамының өзгерісіне ықпалын талдау мақсатында бірқатар дереккөздер пайдаланылды. Олардың қатарына ағымдағы халық санының есебі мен халық санақтарының материалдары архив деректері жатады. Олар төңкеріске дейінгі әкімшілік-территориялық бөлініс бойынша жарық көрген Торғай, Орал, Закаспий облыстарының шолулары, қоныстандыру мекемелерінің материалдары. Бұл дереккөздер аталған кезеңдегі қоныс аудару қозғалысының барысы мен оның

демографиялық үдерістерге тигізген ықпалына баға беруге мүмкіндік береді.

Патшалықтың қоныстандыру саясаты және оның әлеуметтік-демографиялық салдарын зерттеу бірнеше кезеңдерден тұрады. Төңкеріске дейінгі қазақ даласындағы халықтың саны, құрамы, агралық қатынастар, патшалықтың қоныстандыру мәселелері алдымен орыс зерттеушілерінің, чиновниктерінің және т.б. еңбектерінде көтеріліп, мәселені империяның отаршыл саясатына сай қарастырды. Олардың қатарында қазақ даласын орыс қоныстанушылары арқылы отарлау жергілікті халықтың өміріне прогрессивті өзгерістер әкелді деп жазған П.П.Румянцевті (Киргизский народ в прошлом и настоящим. СПб, 1910.66 с.), қоныстандыру, отарлау мәселелерін көтеріп, жергілікті халыққа отырықшылыққа көшуге түрлі әдіс-тәсілдер ұсынған Г.Гинсті (Переселение и колонизация. Выпуск 1. СПб, 1913.-48 с.) және патшалықтың қоныс аудару саясатына сыни баға берген Т.Седельниковті (Борьба за землю казахской степи. Астана: Алтын кітап, 2007.-177 с.) атауға болады. Сонымен бірге ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы орыс этнографтары қазақ халқының шаруашылығы, салт-дәстүрімен қатар рулық құрамы мен саны жөнінде мәліметтер береді. Олардың қатарына Торғай облысы қазақтары туралы жазған Б.Юзефовичті О быте киргизов Тургайской области.—Астана: Алтын кітап, 2008.—264 с.), Ақтөбе, Ырғыз уездеріндегі халық саны туралы мәліметтер беретін Торғай облысының тарихына арналған А.И.Добросмысловты (Тургайская область. Исторический очерк. СПб, 1900.-529 с.), Бөкей Ордасы қазақтарының антропологиялық-этнологиялық мәселелерін зерттеген А.Харузинді (Киргизы Букеевской Орды (антрополого-этнологический очерк). Выпуск 1. Москва, 1889.-550 с.), ХІХ ғасырдың аяғындағы Маңғышылақ уезі қазақтарының тұрмысы, шаруашылығы, саны туралы мәліметтер берілген Закаспий облысының жергілікті халығы жөнінде этнографиялық очерк жазған О.А.Михайловтарды (Туземцы Закаспийской области и их жизнь. Этнографический очерк. Ашхабад, 1900.-79 с.) жатқызуға болады.

Бұл мәселені зерттеу кеңестік және тәуелсіздің кезеңде жалғасып, өзіндік ерекшеліктері болды. Бұл кезеңдер аталған мәселелерге қатысты арнайы ғылыми зерттеу еңбектерінің жарыққа шығуымен ерекшеленеді. Төңкерістен кейінгі уақытта патша өкіметінің өлкедегі отарлау саясатына қатысты Т.Шонанұлының, С.П.Швецовтың құнды еңбектері жазылып, жарық көрді. Еңбектерінде кеңес билігі тұсында патша өкіметінің қоныстандыру, агралық саясатының шынайы бет-бейнесі, соның нәтижесінде орасан зор қасіретке ұшыраған жергілікті халықтың жай-күйі баяндалады. Телжан Шонанұлы жергілікті халықтың жерді пайдалану дәстүрі, патшалықтың әскери казактық отарлауы, қоныстандыру саясаты, қазақ жерлерін тартып алудағы түрлі экспедициялары мен заң-жарлықтарының әрекетін ұлт мүддесі тұрғысында талдайды [1]. С.П.Швецовтың редакциялауымен 1926 жылы жарық көрген Қазақстандағы жерге орналастыру нормасын жасақтауға қатысты материалдар жинақталған еңбекте «Казакское хозяйство в его естественно-исторических и бытовых условиях» атты еңбекте патшалықтың төңкеріске дейінгі қоныс аудару саясатына сыни баға беріледі. Автор патшалықтың қазақ жерін тартып алып, келімсектердің қаптап орналасуын, қазақ халқының мүшкіл жағдайын барынша ашып көрсетуге тырысады. Бұл өз бастауын 1920 жылдардың екінші жартысынан алатын әміршіл-әкімшілік жүйенің ықпалына қарамастан аграрлық және қоныстандыру саясатының бастапқыда шынайы тарихи негізде зерттелгендігін көрсетеді.

Соғыстан кейінгі кезеңдегі жарық көрген еңбектер мәселені таптық қағида тұрғысында қарастырғанымен, патшалықтың қоныстандыру саясаты барысындағы қазақ жерлерін тартып алу секілді әрекеттер баяндалады. Олардың қатарында ХХ ғасыр басында патшалықтың қоныстандыру саясаты жаңа белеске көтерілді деп жазған П.Г.Галузоның (Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1914 гг. Алма-Ата: Наука, 1965.-345 с.), аталған кезеңдегі патша өкіметінің қоныстандыру, аграрлық саясатына арналған Г.Ф.Дахшлейгердің (Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1965.-536 с.),

Б.А.Төлепбаевтың (Социалистические аграрные преобразования в Средней Азии и Казахстане. Москва: Наука, 1984.С.- 270 с.), Б.Сүлейменовтың (Аграрный вопрос в Казахстане в последней трети XIX-начала XX века (1867-1907 гг.) Алма-Ата: АН КазССР, 1963.-411 с.) еңбектерін атауға болады. А.Б.Тұрсынбаев патшалықтың қоныстандыру саясатының себебін, барысы мен нәтижелерін кеңінен баяндайды [2]. Сонымен бірге Н.В.Алексеевтың [3], Н.Е.Бекмаханованың [4] қоныс аудару саясатының демографиялық үдерістерге ықпалы көрсетілген тарихи-демографиялық мазмұндағы еңбектерін де атауға болады.

Тәуелсіз Қазақстан тарихнамасында аталмыш мәселе жаңаша қаралды. Көптеген мәселелер ұлт мүддесі тұрғысында қаралып, бұған дейінгі айтылып келген теріс тұжырымдамаларға соққы берілді. Атап айтқанда XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың басындағы патшалықтың отаршыл жер саясаты, қазақ жерлерінің тартып алынуы, қазақ халқының кедейленуі, қоныстандыру қозғалысының демографиялық үдерістерге ықпалы жөніндегі мәселелер қайта қаралып, жергілікті халықтың отырықшылыққа өтуі өмір талабынан туындағаны баса көрсетілді. Сонымен бірге қоныс аудару барысында жергілікті халықтың үлес салмағының азайып, өз жерінде азшылыққа айнала бастағандығы жазылды. Қазақ жерлерінің отарлануын, қоныстандыру қорытындыларын таптық қағидалардан ада, жаңа әдіснамалық негізде талдағандардың бірі М.Қ.Қойгелдиев болды. Автор XX ғасыр басындағы қазақ ұлттық демократиялық интеллигенциясының қызметіне арналған «алаш қозғалысы» еңбегінде осы мәселеге баса көңіл бөледі (Алаш қозғалысы. Алматы: Санат, 1995.-366 б.).

Сонымен бірге Қазақстанның батыс өңіріндегі патшалықтың жер, қоныс аудару саясатының салдары, тарихи-демографиялық мәселелерге қатысты да зерттеулер жарық көрді. Төңкеріске дейінгі қазақ жер мәселесінің тарихына арналған Ұ.Ш.Исмағұловтың диссертациялық зерттеуі және соның негізінде жарық көрген еңбегі Қазақстанның батыс өңіріндегі жер мәселесінің тарихына арналған. Автор жергілікті халықтың отырықшылыққа, егіншілікке бой ұруы өмір талабынан туындағанын көрсете отырып, бұл мәдениеттің орыс қоныстанушылары арқылы келді деген тұжырымдаманың негізсіз екендігін дәлелдейді [5]. Сонымен бірге патшалықтың қоныс аудару саясатының нәтижелерінің бірі батыс өлкедегі халық құрамының өзгеріске ұшырауы деп көрсетеді. Патшалықтың батыс өңірдегі қоныс аудару саясаты және оның нәтижелеріне арналған Д.Қ.Әбеневтың еңбегін атауға болады. Автор бұрынғы Орал және Торғай облыстары негізіндегі патшалықтың қоныстандыру саясатының барысын, оның отаршылдық мәнін талдайды [6].

Бұл кезеңде Қазақстанның батыс өңірі халқының тарихи-демографиялық мәселелері өз алдына зерттеу нысаны болып, бұл турасында Батыс өңірдегі халықтың қалыптасуындағы көші-қон үдерістерінің рөліне қатысты А.И.Қаржаубаева (Роль миграционных процессов в формировании современного населения Западного Казахстана: диссер. ... канд.ист.наук: - Уральск, 2003.-С.160), Маңғыстау халқының этнодемографиялық тарихын О.Д.Табылдиева (XX ғасырдағы Маңғыстау халқының этнодемографиялық дамуы: тарих ғыл. канд. ... диссер: - Алматы, 2004.-157 б.), Батыс Қазақстанның қала халқының қалыптасу тарихына қатысты А.Т.Мәден (Батыс Қазақстанның қала халқы: этнодемографиялық дамуын талдау (1897-1945 жж.): тарих ғыл. канд. ғыл. ...авторефераты:-Орал, 2009.-24 б) мен А.М.Балықовалар (Батыс Қазақстанның қала халқы: элеуметтік-демографиялық аспектісі (1926-1989 жж.): тарих ғыл. канд. ғыл. ...авторефераты:-Орал, 2007.-24 б) зерттеулер жүргізіп, еңбектері жарық көрді. Авторлар патшалықтың қоныс аудару саясаты, оның нәтижесінде орын алған этнодемографиялық өзгерістерді кеңінен талдайды. Қазақстанның батыс өңіріндегі халықтың тарихына арналған М.Н.Сдыковтың зерттеулерінің негізінде ХҮІІІ-ХХІ ғасырдың басын қамтитын көлемді монографиясы жарық көрді [7].

Материалдарды талдауда тарихи-салыстырмалы және тарихи-статистикалық талдау әдістері қолданылды. Хронологиялық әдіс арқылы оқиғаларды жүйелі түрде, рет-ретімен баяндап, оларға баға берілді.

Нәтижелер және оларды талқылау

Батыс Қазақстандағы этнодемографиялық өзгерістердің ең бастысы халықтың көп ұлтты құрылымының қалыптасуы болатын. Халықтың ұлттық құрамының өзгерісіне әкелген негізгі фактор қоныс аудару қозғалысы болды. XIX ғасырдың екінші жартысында күшейе түскен қоныс аудару қозғалысының өзіндік себептері болатын. Оның себептерінің бірі Ресейдің ішкі губернияларындағы аграрлық шиеленістер болатын. 1861 жылғы басыбайлық құқықты жою жөніндегі манифест шаруаларды заң жүзінде еркін еткенімен, оларға экономикалық тәуелділік бермеген еді. Шаруаларға берілген белгілі-бір мөлшердегі жер үлесі ақылы болып, шаруалар помещиктерге жылдар бойы миллиондаған сом төлем төлеуге мәжбүр болды. Бұл жөнінде Телжан Шонанұлы: «Алған енші жері жеткіліксіздігінен, оброк пен жерге төлейтін құны ауырлығынан, өз жеріне қосымша жер амалсыз жалдап алғандығынан қара шекпеннің қол-аяғы буулы, тұла бойы қымтаусыз жалаңаш, сары масаның талауына түскендей болды. «Азаттық» соңындағы 10 жыл ішінде мұжық байға 587 млн. сом оброк және құн төледі», - деп жазады [1, 123 б.]. Осыдан шаруалардың аграрлық толқуларын болдырмау мақсатында оларды қазақ даласына орналастыру арқылы империя өлкеде өзіне әлеуметтік тірек табуды және өзінің үстемдігін біржола бекітуді көздеген де болатын.

XIX ғасырдың аяғында қоныс аудару қозғалысын жүзеге асыру бір жүйеге келтіріліп, қоныс аудару учаскелерін құру ісі қарқынды қолға алынады. Торғай облысы бойынша 1903 жылға дейін қоныстану учаскесін құру жұмыстары Қостанай уезінде жүріп келсе, енді келесі жылдан бастап Ақтөбе уезінде қолға алына бастайды. Сөйтіп 1903 жылы уезде 691 110 десятина жерде 12 шаруа қоныс аудару учаскесі мен 5 907 десятина жерде 3 дворян учаскесі құрылады [8, 358]. Торғай облысының әскери губернаторына берілген ақпаратта Ақтөбе уезіне қоныстанушы учаскелерді құру қажеттілігі мен оның барысы және отырықшы елді-мекендердің пайда болуы туралы мәлімет беріледі. Берілген ақпаратқа қарағанда 1904 жылдан бастап қоныс аудару учаскесін құру жұмысы Ақтөбе уезіне ауысқаны айтылады. Бұл уезде жалға алынған жерлерде поселкелер құрған орыс шаруаларын жерге орналастыру, сонымен бірге Орынбор-Ташкент темір жолын салу аталған жолды жұмыс қолымен қамтамасыз ететін орыс отырықшы елді-мекендерін құру қажеттіліктерінен туындаған. Сол үшін қоныстану учаскелері темір жолға жақын және Сазды, Қосестек, Тастысай жерлеріндегі поселкелерге ыңғайластырылады. Темір жол ауданында 3 участок құрылады. Бірі-Қурайлы станциясының, екіншісі - Жайсаң станциясының маңында, үшіншісі - Ақтөбе қаласынан 2 верст жерде болады [1, 310].

Ақтөбе уезінде 1904 жылы 61 827 десятина жерге 10 қоныс аудару учаскесі, осы жылы қосымша 96 945 десятина жерге 12 қоныстану учаскесі құрылса, ал 1906 жылы 158 841,65 десятина жерге 34 қоныс аудару учаскесі құрылады [9, 5-27]. Ал 1905 жылдың 1 қаңтары-30 қыркүйегі аралығында Сызран қоныстандыру пунктінде тіркелген 1204 отбасы, 7609 жан, 1478 жер шолушы, 949 жалғыз іліктілерден 1004 жаны бар 171 отбасы, 446 жер шолушы, 131 жалғызілікті адамдар, барлығы 1581 адам Торғай облысына келеді. Одан Ақтөбе уезінің № 4-ауылына 3, Қосестекке 4, Ключевойға 6, Ровныйға 2, Родниковкаға 9, Степнойға 29, Таңсайға 19, Овражныйға 3 және атауы көрсетілмеген мекенге 925 барлығы 1089 адам қоныстануға келеді. [10, 209]. Ал 1905 жылдың 1 қаңтары-31 желтоқсаны аралығында Ақтөбе уезіне 1274 адам келеді. Олар қоныс аудару нәтижесінде пайда болған 19 отырықшы елді-мекенге орналасады. Қоныстанушылардың құрамы, отбасы саны туралы мәліметті және пайда болған қоныстанушылардың отырықшы елді-мекендерінің атауларын төмендегі кестеден көреміз. Кестеден қоныс аударуға отбасылы, жалғызілікті адамдардың, сондай-ақ бастапқы келуші жер шолушылардың келгенін байқаймыз.

Кесте 1. 1905 жылдың 1 қаңтары-31 желтоқсанында Ақтөбе уезіне келген қоныстанушылар [10, 246].

№	Елді-мекен	Жанұя	Ондағы адам саны	Жер шолушылар	Жалғызіліктілер	Барлық жан саны
1	Ключевой	1	6	7	5	18
2	Удачный	5	26	19	25	70
3	Херсонский	7	41	-	14	55
4	Урильский	-	-	-	1	1
5	Таңсай	1	5	3	19	27
6	№ 4-ауыл	-	-	-	3	3
7	Овражный	4	17	-	2	19
8	Степной	4	25	7	-	32
9	Қосестек	1	4	1	5	10
10	Родниковый	1	7	2	1	10
11	Ровный	1	3	3	6	12
12	Александровка	-	-	1	5	6
13	Сазды	-	-	24	8	32
14	Вершинный	-	-	-	1	1
15	Михайловский	-	-	1	2	3
16	Шпаковский	-	-	10	17	27
17	Қурайлы	1	10	3	-	13
18	Ақбұлақ	-	-	-	11	11
19	Березовский	-	-	3	-	3
20	Көрсетілмеген	81	453	468	-	921
	Барлығы	107	597	552	125	1274

1903 жылдан бастап қоныстанушыларға арнап учаскелер Орал облысының Орал және Темір уездерінде дайындала бастайды. Осы жылы Оралға 1931 адам, Темірге 1619 адам қоныс аударушы болып тіркеледі. 1907 жылдың басына қарай ерте көктемде жер шолушылар тіркелген 6418 үлеске 19 қоныс аударушы учаскесі дайындалады [11, 19].

XX ғасырдың басындағы Столыпинның аграрлық реформасы барысында еркіндік алған шаруалар емін-еркін көшіп-қонып, бұл қоныстандыру қозғалысына қарқын берді. 1907 жылы Сызран пункті арқылы Торғай облысына рұқсатпен 8 390, рұқсатсыз 334, барлығы 8724 адам аттанады. Осы саннан Ақтөбе уезіне 8020 (2887 жер шолушы), Қостанай уезіне 704 адам, (15 жер шолушы) бағытталса, Орал облысына 406 адам (159 жер шолушы) келеді. Қоныстанушылардан 1907 жылы Торғай облысынан 1182 қоныс аударушы, 3261 жер шолушы, Орал облысынан 33 қоныс аударушы, 186 жер шолушы кейін қайтып, нәтижесінде Ақтөбе уезінде 1906 жылы 7688, 1907 жылы 10942 адам қоныстандырылады. Ал Оралға 1907 жылы 745 адамымен орналастырылады. Жалпы Торғай-Орал қоныстандыру ауданы бойынша 1906 жылы 14825 отбасы 51518 жанымен, 1907 жылы 17360 отбасы 62 228 жанымен қоныстандырылып, олар 1907 жылы 80805 жандық үлесті иеленеді [12, 29-30].

Қоныстанушылардың лек-легімен келуі жергілікті халықтың үлес салмағының азайып, өзге ұлт өкілдерінің саны мен үлес салмағының артуына әкелгені белгілі. Мәселен, 1907 жылы Торғай облысы бойынша жергілікті халық 73 пайызды құраған болатын. Қоныстанушылар негізінен облыстың Ақтөбе және Қостанай уездеріне орналастырылады. 1908 жылдың басына

қарай Ақтөбе уезінде орыстар 29 230, Қостанайда 117 837 адам болады [12, 5].

Төмендегі 1907 жылғы Ақтөбе уезі халқының болыстар мен поселоктар бойынша санынан жергілікті халықтар өмір сүретін болыстардағы келімсек халықтар санының және олардың жаңа елді-мекендерінің көптеп пайда болғанын байқаймыз.

Кесте 2. 1907 жылғы Ақтөбе уезі халқының саны [13, 254].

№	Болыстар мен поселоктар атауы	Қазақ халқының саны		Орыс халқының саны	
		Ер	Әйел	Ер	Әйел
1	2-ші Бөрте	3880	3341	-	-
	Болыста уақытша тұрғандар	394	317	11	6
	Поселоктар:				
	Высокий			100	91
	Беляев			249	258
	Байқозы			17	11
	Көкшорақ			74	55
	Қарағаш			29	22
2	Елек	3143	2669		
	Поселоктар:				
	Ақбұлақ			1172	1058
	Харьков			228	216
	Васильев			95	72
3	Бестамақ	6527	5564	542	465
4	Қарақобда	3500	3077	57	65
5	Қаратоғай	4992	3900	2188	1921
6	1-ші Бөрте	2860	2484	413	312
7	Қобда	4805	4256	-	-
	Поселоктар:				
	Қобда			353	348
	Вершинный			152	127
	1-ші Терісаққан			8	9
	2-ші Терісаққан			89	83
	Черличинский			87	89
8	Тұзтөбе	6428	5402	85	71
9	Теректі	3037	2429	-	-
	Петропавловск хуторы			280	265
10	Әлімбет	3082	2493	-	-
	Жаңаорал поселкесі			262	245
11	Аралтөбе	4915	4334		
	Можар хуторы			600	559
	Ащыбұлақ хуторы			338	380
12	Бөрілі	3971	3320	325	287
13	Ақтөбе	4231	3439	134	130
14	Ойсылқара	5760	4908		
15	Қосестек			62	48
16	Степная			791	852

17	Петропавловск			1800	1750
	Поселоктар:				
	Петропавловка			585	534
	Березовский			200	185
	Александровский			273	250
	Новопокровский			139	132
18	Херсон			675	667
	Барлығы:	61525	51933	12473	11563
	Жиыны: 137 494	113458		24036	

Кестеден орыстар санының барлық уезд бойынша 21,2 пайыз екендігін немесе халықтың ширек бөлігіне жақындап қалғанын көреміз. Сонымен қатар 18 болыстың 7-де орыс қоныстары орналасса, орыстардың барлық болыстарда қоныстанғанын көреміз.

Қоныстандыру мекемелерінің жасақтаған деректерінен Торғай және Орал облыстарына 1896-1914 жылдары 399125 адам, оның ішінде Торғайға 331 996, Оралға 67 129 адам қоныстандырылса, 1896-1909 жылдары 234 685, 1910-1914 жылдары 164 440 адам қоныстанады [14, 48]. Қоныс аудару мекемелерінің мәліметтеріне сүйене отырып келтірген Т.Шонанұлының есебіне қарағанда 1916 дейін Торғай облысында 4 808 857 десятина, Орал облысында 1 107 516 десятина жер кесіп алынған [1, 165].

Қоныс аудару қозғалысы соғыс уақытындағы жағдай, қоныстану құжаттарын алудың қиындығы және қоныстандыру поьездары қозғалысының тоқтауы салдарынан 1914 жылдан бастап азая бастады. Мәселен жер шолушылардың ағылуы 1913 жылдың қысынан бастап 1914 мамыр айына дейін ұлғайып, сонан соң соғыс жағдайына байланысты ең аз көлемге дейін ұлғайып кетеді. Соңғы рет жер шолушылар санының ұлғаюы 1913 жылғы 9 672 адамнан 1914 жылы 11 413 адам болған еді [15, 5]. 1915 жылдың 11 айында ақысыз учаскелерге 2498 отбасы тіркелсе, 6281 жандық үлеске 6328 адамымен 2031 отбасы қоныстандырылады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 11 516 үлестік 3115 отбасыға аз болатын. Ал барлық Торғай-Орал қоныстану ауданы бойынша 1915 жылы қоныстандыру учаскелеріне құрамында 6 328 жан ер адам бар 2 031 жанұя қоныстандырылды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 3 115 жанұяға аз болатын [16, 2]. Қоныстандырудың жылдан-жылға азаюы жалғаса береді. 1916 жылы Ақтөбе уезінің 3-кіші ауданына өткен жылмен салыстырғанда 51 отбасыға, ал 1914 жылмен салыстырғанда 240 отбасыға аз болды. Барлығы 123 отбасы 390 үлеске қоныстанған болатын. Ал 4-ші кіші ауданға 596 үлеске 166 отбасы тіркеледі. Орал уезінде 1916 жылы 1743 адамы бар 456 отбасы тіркелсе, оның 599 адамы бар 167-і жанұясы қоныстандырылады. Темір уезінің 2-ші кіші ауданына 1916 жылы 233 үлеске 63 отбасы тіркелсе, 148 үлеске 50 отбасы қоныстандырылады [17, 166-180]. 1917 жылдың аяғынан Орынбор, Орал қалаларын және Ақтөбе, Темір, Орал уездерін азамат соғысы шарпып орталыққа қарасты аудандармен байланыс бәсеңдеп, қоныстану қозғалысы тоқтайды.

XIX ғасырдың аяғы-XX ғасыр басында Маңғышылақ уезі мен Бөкей Ордасына қоныстандыру жұмыстары жүргізілмегенімен ондағы өзге ұлт өкілдерінің саны өсіп отырды. 1893 жылы келімсек халықтар барлық халықтың 1,6 % - н құраған болатын. 1906 жылға қарай уездегі келімсек халық саны 2 083 адамға немесе өткен жылмен салыстырғанда 123 адамға ұлғаяды. Осы жылы Николаевск мекеніне 31, Долгое мекеніне 53 адам қоныстанады. Уездің ұлттық құрамы бойынша Форт-Александровскіде 110 орыс, 8 поляк, 6 шеркес, 34 армян, 38 татар, 4 еврей, 28 парсылық, 118 түрікмен, 240 қырғыз тұрды. Николаевск қонысында 1 114 орыс, 6 грек тұрса, Долгое мекенінде 336 орыс, Заворот селосында 32 орыс, 2 армян тұрды [18, 15]. 1910 жылы Маңғышылақ уезіндегі келімсектер мекенінің саны беске жетіп, Форт Александровск, Николаевский, Долгое, Кұлалы (1909 жылы пайда болды), Заворот мекендеріндегі тұрғын саны 2 535 адамға жетеді. Осы жылы форт Александровскіге 20 адам қоныс тебеді. Бес елді-мекен

бойынша орыстар 1 908 адам, татарлар 66, армяндар 44, түрікмендер 179 адам болды [19, 25].

Сонымен қоныстандыру қозғалысы аймақта өзге ұлт өкілдері санының жылдан жылға ұлғайып отыруына және батыс өңірі халқының ұлттық құрамының өзгерісіне, әсіресе славян ұлты өкілдері үлесінің ұлғаюына әкелді. 1897-1915 жылдардағы Батыс Қазақстан аумағындағы барлық халыққа шаққандағы қазақтар мен орыстар санының салыстырмалы көрсеткішінен орыстардың 1915 жылғы үлес салмағының ұлғайғанын байқауға болады.

Кесте 3. 1897-1915 жылдардағы Батыс Қазақстан аймағындағы қазақтар мен орыстардың салыстырмалы саны [20, 157].

Уездер	Қазақтар				Орыстар			
	1897 ж		1915 ж		1897 ж		1915 ж	
	Саны	Үлесі	Саны	Үлесі	Саны	Үлесі	Саны	Үлесі
Орал	150901	51,4	77 588	24,3	126 30	42,9	241 577	76,0
Ілбішін	144257	85,0	133292	63,5	22 292	13,1	76634	36,5
Темір	94 094	99,0	146042	83,1	819	0,9	29688	16,9
Гурьев	70 921	81,7	124989	77,1	14 769	17,0	37196	22,9
Ақтөбе	109585	95,1	126911	52,3	4 265	3,7	110 156	45,3
Ырғыз	97 143	98,4	117320	97,0	889	1,0	2339	1,9
Бөкей Ордасы	207299	96,5	311503	98,1	1746	0,8	3504	9,3
Маңғышылақ*	63795	93,1	69738	91,1	1798	2,6	-	-

*Маңғышылақ уезіндегі халықтың ұлттық құрамы 1911 жылғы мәлімет.

Кестеден 1897 жылмен салыстырғанда аймақтың барлық уездерінде орыстардың үлес салмағының ұлғайғанын, керісінше қазақтардың үлес салмағының төмендегенін байқаймыз. 1897-1915 жылдардың аралығында қазақтардың үлес салмағы Орал уезінде 51,4 % - тен 24,3 % - ке, Ілбішін уезінде 85,0 % - тен 63,5 % - ке, Темір уезінде 99,0 % - тен 83,1 % - ке, Гурьев уезінде 81,7 % - тен 77,1 % - ке, Ақтөбе уезінде 95,1 % - тен 52,3 % - ке, Ырғыз уезінде 98,4 % - тен 97,0 % - ке төмендеді. Орыстардың үлес салмағы керісінше ұлғайып отырды. Аталмыш кезеңде Орал уезінде 42,9 % - тен 76,0 % - ке, Ілбішін уезінде 13,1 % - тен 36,5 % - ке, Темір уезінде 0,9 % - тен 16,9 % - ке, Ақтөбе уезінде 3,7 % - тен 45,3 % - ке, Ырғыз уезінде 1,0 % - тен 1,9 % - ке ұлғайса, тек Гурьев уезінде ғана 77,0 % - тен 22,9 % - ке азайды. Жоғарыда келтірілген кесте бойынша батыс өңірде Маңғышылақ уезін қоспағанда 1897 жылы орыстардың саны 57 410 адам болса, 1915 жылы 497 590 адамға немесе 88,5 пайызға көбейген. Бұл батыс өңірді мекендеген 1915 жылғы халықтың 32 пайызы болды. Сонымен қоныстандыру саясатының қорытындылары өлкеде өзге ұлт өкілдерінің, оның ішінде орыс – украиндардың саны мен үлес салмағының ұлғаюына әкелді. Сол сияқты кейбір облыс уездерінде орыс-украиндар халықтың негізгі бөлігіне айналды.

Қорытынды

Жалпы алғанда қоныс аудару қозғалысы тек халық санының өсуі ғана емес, өңірдегі өзге ұлт өкілдерінің санының, олардың үлес салмағының ұлғаюына, халықтың ұлттық құрамының өзгерісіне алып келді. Осылайша өңір ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басындағы қоныс аудару, отарлау саясаты нәтижесінде бір ұлтты халықтан көп ұлтты халыққа айналды. Қоныс аудару саясаты халықтың саны мен ұлттық құрамының өзгерісіне әсер етіп ғана қоймай, өңірдің шаруашылығына, жаңадан отырықшы елді-мекендердің пайда болуына ықпал етті. Сонымен бірге бұрын бекініс ретінде пайда болған елді-мекендердің ұлғайып қалалық қонысқа айналуына әсер етті. Осылайша қала халқының саны мен үлес салмағының ұлғаюына, өлкедегі ауыл халқының үлесінің қысқаруына әкелді. Ал қоныс аудару нәтижесінде қазақ жерлерінің

тартып алынуы, жергілікті көшпелі халықтың шаруашылығының құлдырап, нәтижесінде өмір сүру жағдайларының төмендеуіне алып келді. Бұл да көшпелі өмір салтын ұстанған ауыл халқының әлеуметтік-демографиялық ахуалына кері әсер етті.

Әдебиеттер тізімі

1. Телжан Шонанұлы мұралары (шығармалар, зерттеулер және мақалалар).-Алматы: Ел-шежіре, 2007. -368 б.
2. Турсынбаев А.Б. Из истории крестьянского переселения в Казахстан.-Алма-Ата, 1950. - 102 с.
3. Алексеенко Н.В. Население дореволюционного Казахстана. А-А: Наука, 1981. -112 с.
4. Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизи в эпоху капитализма (60-е годы XIX века-1917 г.). М: Наука, 1986. -245 б.
5. Исмағұлов Ұ.Ш. Ресейдің Батыс Қазақстандағы жер саясаты (1869-1917 жж.)-Ақтөбе, Жұбанов университеті баспасы, 2018. - 126 с.
6. Абенев Д.Қ. Қазақ жерін отарлау тарихы (XIX ғасырдың соңы-XX ғасырдың басы. Орал, Торғай облыстары материалдары негізінде). Алматы, ССК, 2020. 368 б.
7. Сдыков М.Н. История населения Западного Казахстана. XVIII-начало XXI в. –Алматы, \2004.-408 с.
8. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА), 318-қор, 1-тізбе, 303-іс.
9. ҚР ОМА, 25-қор, 1-тізбе, 2807-іс.
10. ҚР ОМА, 25-қор, 1-тізбе, 2806-іс.
11. Журнал совещания о землеустройстве киргизов. СПб, 1907. 146 С.
12. ҚР ОМА, 29-қор, 1-тізбе, 48 а-іс.
13. ҚР ОМА, 318-қор, 1-тізбе, 315-іс.
14. Итоги переселенческого движения за время с 1910 по 1914 г. – СПб: Переселенческое управление, 1916. – 81 с.
15. ҚР ОМА, 29-қор, 1-тізбе, 411-іс.
16. ҚР ОМА, 29-қор, 1-тізбе, 413-іс.
17. ҚР ОМА, 29-қор, 1-тізбе, 464-іс.
18. Обзор Закаспийской области за 1905 г. Ашхабад, 1906.
19. Обзор Закаспийской области за 1910 г. Ашхабад, 1911.
20. Аман Ә.Б. XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың басындағы Батыс Қазақстанның ауыл халқы (тарихи-демографиялық зерттеу). –ақтөбе, 2025. -225 б.

References

1. Teljan Şonanūly mūralary (şyğarmalar, zertteuler jäne maqalalar).-Almaty: El-şejure, 2007. -368 b.
2. Tursynbaev A.B. Iz istorii krest'yanskogo pereseleniya v Kazahstan.-Alma-Ata, 1950. -102 s.
3. Alekseenko N.V. Naselenie dorevolyucionnogo Kazahstana. A-A: Nauka, 1981. -112 s.
4. Bekmahanova N.E. Mnogonacional'noe naselenie Kazahstana i Kirgizi v epohu kapitalizma (60-e gody XIX veka-1917 g.). M: Nauka, 1986. - 245 s.
5. İsmagūlov Ū.Ş. Reseidñ Batys Qazaqstandağy jer saiasaty (1869-1917 jj.)-Aqtöbe, Jūbanov universiteti baspasy, 2018. - 126 s.
6. Abenov D.Q. Qazaq jerin otarlaw tarihy (XIX ğasyrdyñ soñy-XX ğasyrdyñ basy. Oral, Torğai oblystary materialdary negizinde). Almaty, SSK, 2020. 368 b.
7. Sdykov M.N. Istoriya naseleniya Zapadnogo Kazahstana. XVIII-nachalo XXI v. –Almaty, 2004.-408 s.
8. Qazaqstan Respublikasy Ortalyq memlekettik arhivı (QR OMA), 318-qor, 1-tizbe, 303-is.

9. QR OMA, 25-qor, 1-tizbe, 2807-is.
10. QR OMA, 25-qor, 1-tizbe, 2806-is.
11. ZHurnal soveshchaniya o zemleustrojstve kirgizov. SPb, 1907. 146 S.
12. QR OMA, 29-qor, 1-tizbe, 48 a-is.
13. QR OMA, 318-qor, 1-tizbe, 315-is.
14. Itogi pereselencheskogo dvizheniya za vremya s 1910 po 1914 g. – SPb: Pereselencheskoe upravlenie, 1916. – 81 s.
15. QR OMA, 29-qor, 1-tizbe, 411-is.
16. QR OMA, 29-qor, 1-tizbe, 413-is.
17. QR OMA, 29-qor, 1-tizbe, 464-is.
18. Obzor Zakaspijskoj oblasti za 1905 g. Ashkhabad, 1906.
19. Obzor Zakaspijskoj oblasti za 1910 g. Ashkhabad, 1911.
20. Aman Á.B. XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың басындағы Батыс Қазақстанның ауыл халқы (тарихи-демографиялық зерттеу). – Ақтөбе, 2025. -225 б.

ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКОЕ ДВИЖЕНИЯ В ЗАПАДНОМ РЕГИОНЕ И ЕГО РЕЗУЛЬТАТЫ (КОНЕЦ XIX – НАЧАЛО XX ВЕКА)

АМАН А.Б.¹, НУРЛАНОВ Е.Н.^{2*}

Аман Алибек Бақытжанұлы¹ - Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор (доцент), Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, г. Актөбе, Казахстан.

E-mail: E_alibek@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2725-6141>

*Нурланов Еламан Нуржанович² - Магистр истории, Актюбинский юридический институт имени М.Букенбаева, г. Актөбе, Казахстан.

E-mail: nurlanov_elaman@inbox.ru, <https://orcid.org/0009-0000-6121-4051>

Аннотация. В статье рассматривается переселенческая политика царского правительства в западном регионе Казахстана в конце XIX – начале XX века и её влияние на демографические процессы. Царское правительство, стремясь переселить русских крестьян на казахские земли, прежде всего определяло так называемые «излишние» земли и на этих территориях создавало переселенческие участки. В результате в начале XX века поток переселенцев на казахские земли значительно усилился. Появились новые переселенческие поселки. Переселенческие участки в основном создавались в Урало-Тургайском переселенческом районе. Формирование переселенческих участков особенно активно проводилось в уездах Актюбинском, Темирском и Уральском, которые были благоприятны для земледелия. В указанном переселенческом районе в 1893–1905 годах было изъято 1 024 412 десятин земли и образован 131 участок, а в 1906–1910 годах — 2 477 019 десятин земли для 649 участков.

Одним из главных результатов переселенческого движения в данный период стало увеличение численности и удельного веса представителей других национальностей и уменьшение доли местного населения. Переселенческое движение особенно активно происходило в Урало-Тургайском районе и привело к росту численности представителей других народов в данном регионе. В некоторых уездах представители других национальностей даже составляли основную часть населения. Хотя в Мангистауском уезде и в Букеевской Орде плановое переселение не проводилось, в оседлых населённых пунктах численность представителей других национальностей из года в год увеличивалась.

Ключевые слова: переселение, переселенческое управление, переселенческие районы, подрайоны, миграция.

THE RESETTLEMENT MOVEMENT IN THE WESTERN REGION AND ITS RESULTS (LATE 19TH – EARLY 20TH CENTURY)

AMAN A.B.¹, NURLANOV N.E.^{2*}

Aman Alibek Bakytzhanuly¹ - Candidate of historical sciences, associate professor, Aktobe regional university named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan.

E-mail: E_alibek@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2725-6141>

Abstract. The article discusses the resettlement policy of the tsarist government in the western region of Kazakhstan in the late nineteenth and early twentieth centuries and its impact on demographic processes. In order to settle Russian peasants on Kazakh lands, the tsarist authorities first identified so-called «surplus» lands and established resettlement plots on these territories. As a result, at the beginning of the twentieth century the flow of migrants to Kazakh lands increased significantly. New resettlement villages began to appear. Resettlement plots were mainly established in the Ural–Turgai resettlement region. The creation of resettlement plots was carried out particularly intensively in the Aktobe, Temir, and Ural uyezds, which were suitable for agriculture. In this resettlement region, between 1893 and 1905, 1,024,412 desyatinas of land were taken to form 131 plots, while between 1906 and 1910, 2,477,019 desyatinas of land were allocated for 649 plots.

One of the main results of the resettlement movement during this period was the increase in the number and proportion of representatives of other nationalities and the decline in the proportion of the local population. The resettlement movement was particularly intense in the Ural–Turgai region and led to a growth in the number of representatives of other ethnic groups in this area. In some uyezds, representatives of other nationalities even constituted the majority of the population. Although no planned resettlement was carried out in the Mangystau uyezd and the Bukey Horde, the number of representatives of other ethnic groups in sedentary settlements increased year by year.

Key words: resettlement, resettlement management, resettlement districts, subdistricts, migration.